

**Табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар жөніндегі қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қазандағы N 1039 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 5 маусымдағы N 457 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.05 N 457 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының " Лицензиялау туралы " 1995 жылғы 17 сәуірдегі , " Экологиялық сараптама туралы " 1997 жылғы 18 наурыздағы және " Қоршаған ортаны қорғау туралы " 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың ( лицензиярлардың) тізбесі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 43-жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"43. Қазақстан табиғат қорғауды жобалау, Республикасының Қоршаған нормалау және экологиялық ортаны қорғау министрлігі сараптау саласындағы жұмыстар".

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы

8

қ а з а н д а ғ ы

N 1 0 3 9

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

Біліктілік талаптары табиғат қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар жөніндегі қызметке лицензия алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - өтініш беруші) қолданылады.

Мынадай қызмет лицензиялау объектісі болып табылады:

табиғат қорғауды жобалау - "Экологиялық сараптама туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті мемлекеттік экологиялық сараптауға жататын қоршаған ортаны қорғау мен табиғат пайдалануға қатысты жоспарлау, жоспарлау алдындағы және жобалау құжаттамасының, өзге де материалдар мен құжаттардың не олардың жекелеген бөлімдері мен бөліктерінің барлық түрлерін  
ә з і р л е у ;

табиғат қорғауды нормалау - "Қоршаған ортаны қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық нормативтер мен экологиялық талаптардың барлық түрлерін  
ә з і р л е у ;

экологиялық сараптау саласындағы жұмыстар - штаттан тыс сарапшылардың және заңды тұлғалардың (жеке кәсіпкерлік субъектілерінің) экологиялық сараптау объектісінің материалдары бойынша ескертулер мен ұсыныстарды дайындауға және мамандандырылған мәселелерді пысықтауға байланысты жұмыстарды  
о р ы н д а у ы ;

Біліктілік талаптарының сақталуын бақылау лицензиаттың жыл сайын лицензияны алу күніне оның біліктілік талаптарын растайтын құжаттар мен материалдарды тапсыруын қамтиды.

### **1. Табиғат қорғауды жобалауға, нормалауға арналған қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

Біліктілік талаптары мыналардың:

1) заңды тұлға үшін - өтініш берушінің басшысында (орынбасарында) жоғары кәсіптік немесе орта кәсіптік білімінің немесе ғылыми дәрежесінің;  
жеке тұлға үшін - тиісті жоғары кәсіптік білімінің немесе ғылыми дәрежесінің және мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс стажының;

2 ) м ы н а д а й :

тиісті жоғары кәсіптік білімі немесе ғылыми дәрежесі және мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс стажы бар инженерлік-техникалық және ғылыми қызметкердің;

табиғат қорғауды жобалау және нормалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар мамандардың;

3) тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның;

аспаптармен және жабдықпен жарақталған тіркелген мамандандырылған зертханалардың не көрсетілген зертханалары бар ұйымдардың талдамалы жұмыстарды (қызметтер көрсетуді) орындауы туралы шарттардың; есептік материалдарды жасау мен ресімдеуге қажетті ұйымдастыру техникасының және электрондық техниканың, бағдарламалық қамтамасыз етудің ;

4) жұмыстың сұрау салатын түрлері бойынша нормативтік-құқықтық кесімдердің, техникалық және әдіснамалық құжаттаманың, ғылыми-анықтамалық әдебиеттің болуын қамтиды.

## **2. Экологиялық сараптау саласындағы жұмыстарды лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары**

Біліктілік талаптары мыналардың:

1) заңды тұлға үшін - өтініш берушінің басшысында (орынбасарында) жоғары кәсіптік білімінің немесе ғылыми дәрежесінің және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үш жылдан кем емес практикалық тәжірибесінің;

жеке тұлға үшін - тиісті жоғары кәсіптік білімінің немесе ғылыми дәрежесінің, мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс стажының және қоршаған ортаны қорғау саласындағы үш жылдан кем емес практикалық тәжірибесінің ;

2 ) м ы н а д а й :

тиісті жоғары кәсіптік білімі немесе ғылыми дәрежесі және мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс стажы бар инженерлік-техникалық және ғылыми қызметкердің ;

табиғат қорғауды жобалау және нормалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар мамандардың ;

3) тиісті материалдық-техникалық және өндірістік базаның: сараптамалық қорытындыларды жасау мен ресімдеуге қажетті ұйымдастыру техникасының және электрондық техниканың, бағдарламалық қамтамасыз етудің ;

4) жұмыстың сұрау салынатын түрлері бойынша нормативтік-құқықтық кесімдердің, техникалық және әдіснамалық құжаттаманың, ғылыми-анықтамалық әдебиеттің болуын қамтиды.